

Абай ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2014 жылғы 12 маусымдағы 30 сессиясының № 30/310 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 шілдеде № 2674 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 15/147 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 26.12.2023 № 15/147 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Абай аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Қоса беріліп отырған Абай ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Келесі шешімдердің күші жойылды деп танылсын:

1) Абай ауданы мәслихатының 21 сессиясының 2010 жылғы 18 наурыздағы № 21/259 "Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек беру туралы" шешімі ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-9-80 болып тіркелген, 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 17 (3814) "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған);

2) Абай ауданы мәслихатының 2010 жылғы 17 маусымдағы 23 сессиясының № 23/279 "Абай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 18 наурыздағы 21 кезекті сессиясының "Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек беру туралы" № 21/259

"шешіміне толықтыру енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-9-83 болып тіркелген, 2010 жылғы 9 шілдедегі № 30 (3826) "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған);

3) Абай ауданының мәслихатының 2011 жылғы 13 қазандағы 38 сессиясының № 38/476 "Абай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 18 наурыздағы 21 кезекті сессиясының "Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек беру туралы" № 21/259 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-9-116 болып тіркелген, 2011 жылғы 12 қарашадағы № 45 (3895) "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған);

4) Абай ауданының мәслихатының 17 сессиясының 2013 жылғы 20 маусымдағы № 17/178 "Абай аудандық мәслихатының 21 сессиясының 2010 жылғы 18 наурыздағы № 21/259 "Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек беру туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2359 болып тіркелген, 2013 жылғы 20 шілдедегі № 29 (3980) "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған).

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрдімі

К. Әлдебергенова

Абай аудандық

мәслихатының хатшысы

Б. Цай

"КЕЛІСІЛДІ"

"Абай ауданының экономика және  
қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі

басшысының міндетін атқарушы

А. Әлімбаева

12.06.14

"Абай ауданының жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

З. Шакентаев

12.06.2014

Абай аудандық мәслихаттың  
2014 жылғы 12 маусымдағы  
№ 30/310 шешімімен  
bekitilgen

**Абай ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және  
мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары**

**Ескеरту. Қағидалар жана редакцияда - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 01.12.2022 № 31/292 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Абай ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – үәкілдепті ұғым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұғымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын занды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірде қын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарau бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – мөлшері бойынша облыстардағы респубикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы статистика органдары есептейтін облыстардағы мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірдегі қын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – "Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

9) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына өмірлік қын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабында және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 баптың 1 тармағы 2) тармақшасында, 11 баптың 1 тармағы 2) тармақшасында, 12 баптың 1 тармағы 2) тармақшасында, 13 баптың 2) тармақшасында, 17 бабында көзделген әлеуметтік қолдау шаралары, осы Қағидаларда айқындалған тәртіпте көрсетіледі.

**Ескерту. 4-тармақ жана редакцияда - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 25.05.2023 № 4/40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.05.2023 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) шешімімен.**

5. Мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті үйымның не өзге де үйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

**2 тарau. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мұқтаж алушылардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу**

6. Мерекелік күндерге әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына ақшалай төлемдер түрінде бір рет көрсетіледі:

1) 21-23 наурыз - Наурыз мейрамы:

1, 2 топтағы мүгедек адамдарға 9 600 (тоғыз мың алты жүз) теңге мөлшерінде ;

18 жасқа дейінгі барлық топтағы мүгедектігі бар балаларға 9 600 (тоғыз мың алты жүз) теңге мөлшерінде;

адамның иммун тапшылығы вирусы бар адамдар 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

2) 15 ақпан - Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығару күні:

бұрынғы КСР Одағы үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағында жауынгерлік іс - қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (бұдан әрі - КСР Одағы) ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда) - 200 000 (екі жұз мың) теңге мөлшерінде;

оқу-жаттығу жиындарына шақырылған және жауынгерлік іс - қимылдарын жүргізу кезеңінде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге - 200 000 (екі жұз мың) теңге мөлшерінде;

жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу кезеңінде осы елге жүктеді жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне - 200 000 (екі жұз мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларға ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне - 200 000 (екі жұз мың) теңге мөлшерінде;

Ауғанстанда кеңес әскери контингентіне қызмет көрсеткен, жарапанған, контузия алған немесе мертіккен не бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге жауынгерлік іс - қимылдарды қамтамасыз етуге қатысқаны үшін - 200 000 (екі жұз мың) теңге мөлшерінде;

3) Жеңіс күні – 9 мамыр:

Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, атап айтқанда Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағын қорғау жөніндегі басқа да жауынгерлік операциялар кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілерге 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, зақымдануы немесе ауруы салдарынан мүгедек адамдарға, атап айтқанда майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілеріне, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын күрес жүргішілеріне, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда жарапануы, контузия алуы, зақымдануы немесе ауруы салдарынан мүгедектік белгіленген жұмысшылар мен қызметшілерге, әскери іс-қимылдар ауданында, темір

жолдардың мәндай алды участекерінде, қорғаныс шептерінің, Әскери-төңіз базалары мен әуеайлактарының құрылыштарында 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, зақымдануы немесе ауруы салдарынан мүгедек қайтыс болған адамның зайдыбына (жұбайына) немесе Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, зақымдануы немесе ауруы салдарынан жеңілдіктер бойынша мүгедек адамдарға төңестірілген адамдарға, сондай - ақ Ұлы Отан соғысына қатысушының қайтыс болған зайдыбына (жұбайына) соғыс, партизан, астыртын әрекет жасаушы, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруы салдарынан мүгедек деп танылған азамат, қайта некеге тұрмадан еңбекте мертігу және басқа да себептер (құқыққа қарсы себептерден басқа) 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

Қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының кәмелетке толмаған тұтқындарына 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

1992 жылғы қыркүйектен 2001 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде тәжік-ауған участекінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуді күшайту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде;

1986 - 1991 жылдар кезеңінде Таулы Қарабақтағы этносаралық жанжалды реттеуге қатысқан әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде;

1986 - 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық

апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға 200 000 (екі жұз мың) теңге мөлшерінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына 10 000 (он мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағы үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағында жауынгерлік іс - қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (бұдан әрі - КСР Одағы) ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда) - 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

оқу - жаттығу жиындарына шақырылған және жауынгерлік іс - қимылдарын жүргізу кезеңінде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге - 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу кезеңінде осы елге жүктеді жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне - 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларға үшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне - 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

Ауғанстанда кеңес әскери контингентіне қызмет көрсеткен, жарапанған, контузия алған немесе мертіккен не бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге жауынгерлік іс - қимылдарды қамтамасыз етуге қатысқаны үшін - 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

4) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні:

80 және одан жоғары жастағы зейнеткерлерге - 5 000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

5) 25 қазан - Республика күні:

Абай ауданының мектепке дейінгі білім беру үйымдарында тәрбиленетін және оқитын төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға білім беру бөлімінің тізімдеріне сәйкес 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ата - ана жарналарына жұмсалатын шығындарды етеуге;

6) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

1986 жылғы 17 - 18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысқан адамдарға, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің,

халықтың жасақтың өміріне қол сұғышылық жасағаны үшін сottалған, оларға қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданыстағы тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда – 350 000 (үш жұз елу мың) теңге мөлшерінде.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 25.05.2023 № 4/40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.05.2023 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) шешімімен.**

7. Әлеуметтік көмек өмірлік қызын жағдайға тап болған мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына табыс есебінсіз бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын) көрсетіледі:

1) өтініш бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға растайтын құжаттың негізінде, бірақ босатылған күннен бастап үш айдан кешіктірмей-біржолғы, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) Абай ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға растайтын құжаттың негізінде, бірақ сот үкімі заңды күшіне енген күннен бастап үш айдан кешіктірмей біржолғы 10 (он) айлық - есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне залал келген жағдайда бір реттік, 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы:

туберкулез амбулаториялық емдеу кезеңіне ай сайын 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

балалардағы адамның иммун тапшылығы вирусының ата-аналарына немесе диспансерлік есепте тұрған балалардың өзге де заңды өкілдеріне ай сайын 2 (екі) ең тәменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде төленеді;

ағымдағы жылы операция жүргізілгеннен кейінгі кезеңге тұлғаларға онкологиялық ауру, бір мезгілде - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 25.05.2023 № 4/40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.05.2023 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) шешімімен.**

8. Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қызын жағдайлар туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініштерді қарау мерзімі:

өмірлік қызын жағдайлар туындаған сәттен бастап алты айдан кеш емес.

9. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер Үлгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

10. Мереке күндеріне бірнеше негіздеме бойынша әлеуметтік көмек алуға құқығы бар тұлғаларға әлеуметтік көмек тек бір негіздеме бойынша беріледі.

11. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Абай ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

12. Әлеуметтік көмек ақшалай нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы алушылардың шотына аудару жолымен көрсетіледі.

### **3-тарау. Қорытынды ереже**

13. Әлеуметтік көмек көрсете мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дереккөрын пайдалана отырып жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК